

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Үйшекей» орыс халық ертегісін сахналау

<p>ЖАРИЯЛАНДЫ 27.08.2020</p>	<p>ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту</p>	<p>СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/80483/</p>
---	--	---

Бөлімі: Драма.

Білім беру саласы: Коммуникация. Таным. Әлеумет. Шығармашылық.

Тақырыбы: «Үйшекей» орыс халық ертегісі.

Мақсаты: Театр туралы әңгімелесу арқылы ұғымдарын кенейту. Театрландырылған әрекет арқылы балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру. Балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Міндеттері: Балаларды таныс шығарма кейіпкерінің сөзі мен іс – әрекетін сомдатуға үйрету. Сөздерді нақты, түсінікті айтуға үйрету, дауыс ырғағын мәнерлеп оқуын дамыту. Театр туралы білімдерін бекіту. Театрда өзін ұстай білуге үйрету. Сыпайлыққа достыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер, қажетті құрал - жабдықтар: зал орманға сай безендірілген, үй макеті, касса, билеттер, үстел, орындықтар, кейіпкерлерге арналған костюмдер.

Әдіс - тәсілдер: театр туралы әңгімелеу, сюжеттік рольдік ойыны «Біз театрға барамыз», әң айту.

Билингвальді компонент: әртіс артист, театр, кассір – кассир, тексеруші – контролер.

Сабақ барысы:

Шаттық шеңбері:

Кел балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер жасайық.

Алақан ашайық,

Жүрекке салайық.

Жиналған жылы шуақты,

Бір - бірімізге сыйлайық.

1. Балалармен театр туралы әңгімелесу.

-Балалар театр деген не?(бұл ғимарат, ол жерде көріністер көрсетеді).

—Театрда кім жұмыс істейді?(Әртістер, кассир, тексеруші).

—Театрға баратын , көріністер көретін адамдарды қалай атайды? (көрермендер).

—Көрермендер театрға қалай кіреді, олар не сатып алады?(билет сатып алады және билет арқылы орындарын табады).

—Театрда өзін қалай ұстау керек?(театрда шулауға, сөйлесуге болмайды. Көрініс біткен соң әртістерге шапалақтап, залдан жайлап бір -бірін итермей шығу керек).

2. Сюжетті - рольдік ойыны «Біз театрға барамыз».

-Бүгін біз театрға барамыз, ертегі көрінісін көреміз. Әртістер орындарына барып дайындалындар, ал көрермендер билет сатып алып орындарына отырындар. Билет сатып алу ақысы сыпайлық болады. Сыпайы сөйлемеген балаға билет берілмейді.

Кассир үстелге отырады. Әр бала айтады:

-«Маған билет берінізші».(билет береді).

-«Рахмет» — деп айтады.

Барлық көрермендер отырған соң тексеруші кіреді:

-«Мен тексеруші. Мен билеттерді тексеремін».

Қатарда отырған балалардан билеттерді жинайды. Кассаның жанына қояды.

3.«Үйшікей» ертегісін драмалау.

Баяғыда бір Тышқан күз түскен соң қыстап шығатын үй іздеп жүреді. Қараса бір үйшік тұр екен. Әлгіге Тышқан жүгіріп барып:

Тышқан: -Үйшікейде кім бар – ау, ішінде оның кім тұрады? – деп сұрайды.

Ешкім жауап бермейді. Содан Тышқан үйшікейде тұрып жатады.(киім тігіп).

Бір күні Құрбақа келіп:

Құрбақа:-Үйшікейде кім бар – ау, ішінде оның кім тұрады? – деп сұрайды.

-Мен, Тинемдей – Тышқанмын, ал сен кімсің?

-Мен, Құрылдақ – Құрбақамын, үйіңе кіргіз.

Содан екеуі бірге тұрады. (бақа тамақ пісіреді).

Қоянтай өтіп бара жатып ол да тоқтай қалды.

Қоянтай: -Үйшікейде кім бар – ау, ішінде оның кім тұрады? – деп сұрайды.

-Мен, Тинемдей – Тышқанмын.

-Ал, мен, Құрбақамын. Сен кімсің?

-Мен, Зырылдақ – Қоянтаймын. Үйіңе кіргіз.

Содан үшеу бірге тұрады.(ағаш жарады).

Бір күні Түлкі үйшікейдің тұсынан өтіп бара жатып:

Түлкі: -Үйшікейде кім бар – ау, ішінде оның кім тұрады? – дейді.

-Тинемдей – Тышқан, Құрылдақ – Құрбақа, Зырылдақ – Қоянтай, ал сен кісің?

-Мен, Түлкі – Бикешпін, кіргізіңдер.

Түлкіні кіргізіп алады. (еденді сыпырады).

Орманда Қораз айғалап өтіп бара жатып:

Қораз: -Үйшікейде кім бар – ау, ішінде оның кім тұрады? – деп сұрайды.

-Тинемдей – Тышқан, Құрылдақ – Құрбақа, Зырылдақ – Қоянтай, Түлкі – Бикешпін, ал сен кімсің?

-Мен, Дауысты – Қоразбын, кіргізіндерші.

Үйшікейде бесеу бірге тұрып жатады.

Содан үйшікейді Аю көріп:

Аю: -Үйшікейде кім бар – ау, ішінде оның кім тұрады? – дейді.

-Тинемдей – Тышқан, Құрылдақ – Құрбақа, Зырылдақ – Қоянтай, Түлкі – Бикеш, Дауысты – Қораз, ал сен кімсің?

— Мен, Майтабан – Аюмын, кіргізіңдер.

Үйшікейге Аю кіргенді оның быт – шыты шығады.(Үй макеті құлайды). Ішіндегілер уайымдап, жанжаққа қашып, тығылады. Содан өз ісіне қатты ұялған

Аю:

-Мына мені көрдің дер ме? Қандай үлкен, әрі күштімін. Жанадан үлкен етіп үйшік салып берем. Бәріміз еркін сыятын боламыз, — дейді.

Аңдар бәрі шығып бірге айтады:

Үйшікейде біз тұрамыз,

Тату тәтті дос боламыз.

Үйді бірге саламыз,

Бірге ән айтамыз.

4.Ән: «Достық»(қазақ және орыс тілінде).

5. Қорытынды.

Балалар әртістерге шапалақтайды.

-Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

-Ертегі не туралы?

-Үйшікейде кімдер тұрды?(аңдар).

-Олар бір бірімен қалай тұрды?(достықта).

-Жарайсындар, бәріміз достықта тұрайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.